

**«Moneyman-нан бір миллион»
конкурсын өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

Осы Қағидалар «ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 200840014753 (бұдан әрі – ұйымдастырушы) ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады және «**Moneyman-нан бір миллион** » (бұдан әрі – Конкурс) ұтыс ойыны бойынша конкурстың барлық маңызды шарттарын қамтиды.

Төменде баяндалған шарттарды қабылдаған және Конкурс шарттарын орындалған жағдайда тұлға Қатысушы болады және Ұйымдастырушы мен Қатысушының (қатысушылардың) қарым-қатынасына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Қағидалардың мәтінімен мұқият танысыңыз, егер Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы Сізге Конкурсқа қатысудан бас тартуды ұсынады.

2. Конкурсты өткізу мерзімдері:

2.1 Конкурсты өткізу кезеңі - 2024 жылдың 05 маусымнан бастап 2024 жылғы 30 маусымды қоса алғанда.

2.2. Ұтыс ойынын өткізу күні:

Кезең №	Ұтыс ойынына қатысушыларды тіркеудің басталу күні	Ұтыс ойынына қатысушыларды тіркеудің аяқталу күні	Ұтыс ойынын өткізу және жеңімпаздарды жариялау күні
1.	05.06.2024	30.06.2024	2024 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 10 шілдеге дейін

Ұйымдастырушының қалауы бойынша Конкурсты өткізу кезеңі және нәтижелерді жариялау күні өзгертілуі мүмкін.

3. Конкурстың жүлде қоры:

3.1. Конкурстың жүлде қоры 5 (бес) жүлдеден тұрады.

3.2. Конкурс қорытындысы бойынша 5 (бес) жүлде ұтысқа түседі.

3.3. Жүлде:

1) – бес жеңімпазға 200 000 (екі жүз мың) теңгеден - наұқанның барлық кезеңінде - жеңімпазды анықтау 01-10.07.2024 ж. өтеді.

3.4. Микрокредит - Ұйымдастырушының қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында микрокредит беру туралы шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында беретін ақшасы.

4. Конкурсты өткізудің жалпы шарттары:

4.1. Конкурсқа 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Конкурстың барлық шарттарын орындаған жеке тұлғалар қатыса алады. Ұйымдастырушының қызметкерлері, олармен үлестес тұлғалар, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ Ұйымдастырушының 3 (үш) және одан да көп конкурстарына бір мезгілде қатысатын тұлғалар Қатысушы бола алмайды. Азаматтығы жоқ тұлғалар Қатысушы бола алмайды. Егер қатысушы жоғарыда аталған критерийлерге сәйкес келмесе немесе оның әрекеттері Ұйымдастырушыда жеңіс үшін жосықсыз әдістерді қолдануда күдік туғызатын болса, Ұйымдастырушы конкурстың кез келген нәтижелерін шығару кезінде оның белсенділігін ескермеуге құқылы.

4.2. Конкурсқа қатысу үшін Ұйымдастырушының қызметін пайдалану және Конкурс өткізу кезеңінде офлайн бөлімшеде (Қосымша 1) 120 000 теңгеден және одан жоғары сомаға қолма-қол ақша алу қажет.

4.3. Сайт – www.moneyman.kz мекенжайындағы ұйымдастырушының ресми сайты.

- 4.4. Конкурс 1 (бір) кезеңде өткізіледі.
- 4.5. Конкурс өткізу кезеңінде микрокредиттер бойынша Ұйымдастырушының алдында мерзімі өткен берешегі бар тұлғалар Конкурсқа қатыспайды.
- 4.6. Конкурсқа микрокредит мерзімін ұзартқан тұлғалар жіберіледі.
- 4.7. Конкурсстың қорытындысын шығару сәтінде Микрокредит белсенді (микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған) немесе өтелген (микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалған) болуы тиіс, бұл ретте өтінімді рәсімдеу Конкурссты өткізу кезеңінде жүзеге асырылуы тиіс.

5. Конкурсстың қорытындысын шығару және жүлдені алу тәртібі:

- 5.1. Жеңімпаздарды таңдау қатысушылардың реттік нөмірлері бойынша кездейсоқ сандар генераторы-Random.org сервисінің көмегімен жүргізіледі. Жеңімпаздарды таңдау осы Қағидалардың 2.2-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.
- 5.2. Егер сервис арқылы Конкурсстың жеңімпазы болып табылатын қатысушы түссе, жүлде жойылады.
- 5.3. Жеңімпаздар тізімі сайтта «Жаңалықтар» бөлімінде және Instagram@moneyman.kz ресми парақшасында жарияланады.
- 5.4. Жеңімпаз жеңіске жеткен жағдайда Ұйымдастырушыға жеңімпаз анықталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүлдені алу ниеті туралы хабарлауға міндетті. Ұйымдастырушымен байланыс-орталығына +7 701 006 35 00 нөмірі бойынша қоңырау шалу арқылы байланысуға болады.
- 5.5. Конкурссты өткізуге байланысты барлық қажетті салықтарды төлеуді Ұйымдастырушы қамтамасыз етеді.
- 5.6. Осы Қағидалардың 5.4.-тармағында көрсетілген мерзімдерде жеңімпаз жүлдені қабылдау ниетін білдірмесе немесе оны қабылдаудан бас тарту туралы растау алынбаған жағдайда, Ұйымдастырушы жаңа жеңімпазды анықтау үшін кездейсоқ сандар генераторын қайта іске қосады.
- 5.7. Жүлде атаулы болып табылады және оны үшінші тұлғаларға беру мүмкін емес.
- 5.8. Ұйымдастырушы жеңімпазбен www.moneyman.kz сайтында микрокредит рәсімдеу кезінде көрсетілген телефон арқылы байланысады.
- 5.9. Жүлделерді беру кезеңі: қорытындылар шығарылған және жеңімпаздар жарияланған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде.
- 5.10. Ұйымдастырушы жеңімпаз-қатысушының атын жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын өзіне қалдырады, сондай-ақ оны жарнамалық роликтерге қатысу үшін тартуға, өзінің жарнамалық мақсаттарында фото және бейне материалдарды пайдалануға құқылы.
- 5.11. Ұйымдастырушы Конкурссты өткізу мерзімдерін ұзартуға, жүлделерді беру рәсімін өзгертуге және Конкурс және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.
- 5.12. Ұйымдастырушы Сайтта тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы ұтыс ойынын өткізуден бас тартқан жағдайда, ұтыс ойыны өткізілмеген деп танылады. Бұл ретте ұтыс ойыны болмаған жағдайда Ұйымдастырушыға қандай да бір жауапкершілік шаралары қолданылмайды.
- 5.13. Конкурсқа Қатысушылардың барлығы оған қатыса отырып, осы Қағидаларда көзделген талаптармен келіседі, оларды ұстануға және орындауға міндеттенеді. Егер Ұйымдастырушы Конкурс шарттарын бұзған немесе Жүлдені алу үшін алаяқтық және/немесе алдау актілерін жасаған Қатысушыларды анықтаса (айыбын ашса), Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы Жүлдені алудан бас тарту туралы қабылдаған шешім түпкілікті болып табылады.
- 5.14. Ұйымдастырушы мыналар үшін жауапты емес:
 1. Қатысушылардың осы Қағидаларда көзделген міндеттерді орындамау (уақтылы орындамау);
 2. Қатысушының осы Қағидаларды білмеуінен туындаған жағдайлар;
 3. Интернет желісіндегі техникалық проблемалар және (немесе) алаяқтық және (немесе) Конкурс өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналары нәтижесінде Қатысушылардан хаттар, қоңыраулар, факсимильді және (немесе) электрондық

хабарламалар, соның ішінде почта немесе курьерлік қызметтің, байланыс ұйымдарының кінәсінен сәлемдемелер алмау;

4. Қатысушылардан Конкурсты өткізу және Жұлдені беру мақсатында қажетті толық емес және (немесе) дұрыс емес байланыс және (немесе) өзге де мәліметтерді алу.

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 6.1. Тараптар осы Қағидалардың шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жауаптылықта болады немесе олардан босатылады.
- 6.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздер бойынша жауапты болады.

7. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер

7.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қатысушы осы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Қатысушы Ұйымдастырушының тек қана осы Қағидалардың мақсаттары үшін, сондай-ақ осы Қағидалардың заңмен тыйым салынбаған көрсетілген кез келген тәсілмен оның ЖСН және телефон нөмірі туралы дербес деректерді жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды, трансшекаралық беруді жүзеге асыруымен келіседі.

7.2. Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Қатысушы, соның ішінде осы Қағидалардың шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған қатысушы туралы, микрокредит туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты Ұйымдастырушы тек осы Қағидаларды орындау мақсаттары үшін немесе осы Қағидаларда көзделген немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жағдайларда, мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру Ұйымдастырушы үшін міндетті болған кезде ғана бере алатындығына келіседі.

8. Өзге шарттар

8.1. Ұйымдастырушының осы Қағидалардың шарттарын бұзғаны үшін, егер мұндай бұзушылық еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, соның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (соның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, тасқын су басу, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының бұзылуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, жоғарыда аталғандармен шектелмей Ұйымдастырушының осы Қағидалардың шарттарын орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге мән-жайлар әсерінен туындаса жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Ұйымдастырушы Қағидалардың шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты Қатысушы Сайтта жарияланған осындай өзгерістерді үнемі қадағалап отыруға міндеттенеді.

8.3. Ұйымдастырушы желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе бағдарламалық жасақтама жұмысының салдарынан орын алған, жіберуді немесе Конкурсқа қатысу үшін деректерді алуды шектейтін немесе кешіктіретін кез келген қателіктер үшін жауапты болмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде берілетініне кепілдік бермейді және мұндай деректерді ұсынбау салдарынан Конкурсқа қатысудың жіберіп алған мүмкіндігі үшін жауап бермейді. Ұйымдастырушының жиынтық жауапкершілігі ешбір жағдайда Жұлде сомасынан аспауы тиіс.

8.4. Осы Қағидалар қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндерде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдылыққа ие болады.

9. Ұйымдастырушының деректемелері

«ФинтехФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС

БСН 200840014753

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 9 қабат, пошта индексі 050012

Қала/елді мекен	Мекенжай
поселок Отеген батыра	ул.Титова 41, ТД ИЛИ, 1 этаж
г. Алматы	ул.Жибек жолы, 55, ТД Алма, 1 этаж
г. Кызылорда	пр. Абая 39/17
г. Шымкент	ул. Мангельдина 284
г. Тараз	ул. Телецентр 8
Казалинск	поселок Айтеке би, ул. Шокая 94 А.
г. Кызылорда	ул.Казыбек би 20
г. Кызылорда	ул.Айтеке би 6
г.Туркестан	ул. Тауке хана 200
г. Астана	ул. Ш.Валиханова д.22/2
Усть Каменогорск	проспект Назарбаева 2
г. Астана	ул. Женис 73
г.Тараз	мкр. Мынбулак 58
г. Шымкент	ул. Гагарина 9
г.Конаев/Капчагай	4 мкр, дом 29
г. Алматы	ул.Толе би 170, ТД "Сабрина"
г. Шымкент	Республика 18
Ленгер	ул. Толе би 260
г. Астана	улица Вольфганга Гете, 10
Кордай	ул.Толе би, 39
Узынагаш	ул.Абая 51, 1 этаж, офис № 2
г. Алматы	ул. Станкевича, д. 3/1
г.Тараз	ул. Рыскулова 38 А 2 мкр
Сарыагаш	ул.Ермекова 15 В
г. Кызылорда	ул.Иса Тоқтыбаев 7
Шымкент	ул.Байтурсынова 10
Жетысай	ул. Кашаубаева 108
Шиели	ул.Абылайхан 3/2
Туркестан	ул.Тауке хана 227/1 (туннель/остановка)
село Абай	
Талгар	ул.Кунаева 84
г.Актобе	ул.Уалиханова 13
г.Актобе	ул.Бейбитшилик 15
г.Актобе	ул.Шернияз 54
Аральск	ул.Бактыбай батыра №5 У, ТД «Даулет»
Кандыагаш	ул.Тауелсиздик 26А
Уральск	Проспект Назарбаева 182
Чилик	ул.Жибек жолы, дом 23, ТД Алма 1 этаж
Сарыагаш	ул.Ермекова 16
Каскелен	Абылай хана 191
Алматы	Аксай 4, дом 22 А/3
г.Талдыкорган	ул.Шевченко 113, кв 23
Жаркент	ул.Головацкого 149
г. Кызылорда	ул. Кокрыт Ата 67

Темиртау	Проспект Мира 104 отдел 21 ТД "Евразия"
Кентау	ул. Яссауи 111
Кулан	ул Жибек жолы 35
Мерке	ул. Торгаева, 1 ММ Мега
Сарыкемер	ул. Медеулова 64
Шымкент	ул. Рыскулова 359/6
г.Тараз	Ауыл береке, Золотой ряд 2 этаж, Улица Мамбет батыра,
п.Балпык би	улица Кабанбай батыра 10Б, БЦ Кулеева
г. Алматы	мкр. Аксай 3, д. 5/1
г. Астана	просп. Абылай хан 31 (ТД "Встреча")
г. Семей	ул. Кабанбай Батыра, д. 48
Уштобе	Турксиба 2
Карабулак	Алматинская область, Жетысуский район, ул. Ескелди би, 103
Туркестан	ул. Тауке хана 242
Талдыкорган	Ақын Сара 122
Ақтау	ТЦ Достык 26-й микрорайон, 25
Торетам	ул. Қорқыт ата 2/3
Хромтау	ул Ауезова 1
Актобе	улица Жанкожа Батыра 3
Атырау	ул. Муса Баймуханов 43 (Зодиак)
Атырау	ул. Каршимбай Ахмедиярова 28Г
г. Шымкент	ул. Толе би 9/1
г. Семей	ул. Глинки 30
Экибастуз	ул.Ауэзова д.36 ТД Ассорти
г. Семей	ул. затаевича 31
Караганда	проспект Нуркена Абдирова 38, ТЦ Юбилейный
Чилик	ул.Жибек жолы, дом 14
г. Астана	ул. Бөгенбай батыр 63
Жалағаш	ул. Абая, 46
г. Павлодар	ул. Лермонтова 86 ТД "УЮТ"
Экибастуз	Машхур Жусупа, 68 а
Уральск	ул. Дина Нурпеисова 17/2
г. Алматы	Алматинская обл. пос. Боролдай, ул. Абылай Хан 10
г. Астана	ул. Петрова 17
г. Алматы	мкр. Айнабулак, д. 98А
г. Астана	ул. Сәкен Сейфуллин, д. 14, н.п. 6
село Карабулак	Туркестанская область, село Карабулак ул Рустемова 101
г. Шымкент	Аймаутова 143 Рынок "Айна"
г. Алматы	улица Васнецова 27/92, ТЦ Асыл, Тастак
г. Уральск	мкр.Северо-Восток-2, д 47/2, ТД Астана, новый вход 5 бутик,1 этаж
Караганда	проспект Строителей 13, ТД Арай
г. Алматы	ул. Майлина 210
Актобе	ул. Братя Жубановых, 271
с.Кеген	ул.Райымбек 24
г. Семей	ул. Засядко 88
г. Павлодар	ул. Камзина 171(Караван)

г. Павлодар

пр. Нұрсұлтан Назарбаев, д. 89(Тулпар)